

«А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

2021-2023 жылдарға арналған

**ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ**

Шартқа қол койғандар:

Жұмыс берушінің тарапынан:

Жұмыскерлердің тарапынан:

Басқарма Төрағасы -  
Ректорының м.а.

Бастауыш кәсіподақ  
ұйымының төрағасы

А.Дошанова

Н. Хасенов



2021 ж.

« 2021 ж.



Ұжымдық шартты бақылауға қабылдау туралы ақпарат \_\_\_\_\_

Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасында 20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ тіркелген  
Зарегистрирован в Управлении по инспекции труда акимата Костанайской области, под № 668 от « 19 » 05 2021 г.

Қостанай, 2021 жыл

## Мазмұны:

1. Жалпы ереже.....	3
2. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту.....	6
3. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты.....	9
4. Келісім комиссиясы.....	13
5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....	14
6. Еңбекке ақы төлеу және реттеу.....	16
7. Әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер және өтемақы төлемдері....	17
8. Ұжымдық шартты бұзғаны немесе орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі.....	20
9. Тараптардың өндірістік және оқу процесін қамтамасыз ету жөніндегі өзара міндеттемелері.....	20
10. Қорытынды ережелер.....	22
А қосымшасы. Толық жеке жауапкершілік туралы жазбаша келісімдер жасасатын құндылықтарды сақтау, өңдеу және шығарумен байланысты позициялар тізімі ..	24
Б қосымшасы. Жылдық ақылы еңбек демалысының ұзақтығы және лауазымдар мен жұмыс мамандықтарының тізбесіне сәйкес сауықтыру жәрдемақыларын алу құқығы.....	26
В қосымшасы. 2021-2023 жылдарға арналған «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы еңбек қауіпсіздігі шаралары. ....	27

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ұжымдық шарт «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады.

2. Ұжымдық шарт жұмыс беруші мен жұмыскерлердің арасында, жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау, сондай-ақ 2021-2023 жылдарға арналған жұмыскерлер үшін қосымша әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және кәсіби кепілдіктер, жеңілдіктер мен басымдылықтарды анықтау, оларға еңбектің анағұрлым қолайлы жағдайларын жасау бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттемелерін айқындау мақсатында ҚР Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК), «Білім туралы», «Кәсіподақтар туралы» ҚР заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды.

3. Ұжымдық шарттың тараптары: Жұмыс беруші – «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жұмыс беруші), өкілі – Басқарма Төрағасы - Ректор Доцанова Алма Іргебайқызы тұлғасында; Жұмыскерлер – бұдан әрі «Кәсіподақ ұйымы» деп аталатын «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті қызметкерлерінің және білім алушыларының бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалының мүшелері болып табылатын, еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар және кәсіподақ ұйымының өкілі - төрағасы Хасенов Нургелды Салимжанович тұлғасында.

4. Ұжымдық шарттың тараптары өзара қарым-қатынастарын әлеуметтік серіктестік қағидаттарының негізінде құрады:

- 1) тараптар өкілдерінің өкілеттігі;
- 2) тараптардың тең құқықтығы;
- 3) талқыланатын мәселелерді таңдау еркіндігі;
- 4) міндеттемелерді қабылдау еріктілігі;
- 5) тараптардың мүдделерін құрметтеу;
- 6) ұжымдық шарттарды, келісімдерді орындау міндеттілігі;
- 7) тараптардың мен олардың өкілдерін өздеріне қабылдаған міндеттемелерді өз кінәсі салдарынан орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту;
- 8) қабылданатын шешімдердің жариялылығы;
- 9) қабылданған міндеттемелерді өз кінәсінен орындамағаны үшін Тараптардың, олардың өкілдерінің жауаптылығы.

5. Осы шарттың тараптары арасындағы әлеуметтік серіктестік:

- 1) ұжымдық шарттардың, келісімдердің жобаларын әзірлеу және оларды жасасу жөніндегі ұжымдық келіссөздер;
- 2) еңбек қатынастарын және солармен тікелей байланысты қатынастарды реттеу, жұмыскерлердің еңбек құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара кеңестер (келіссөздер);

- 3) оқу орнын басқаруға жұмыскерлердің, олардың өкілдерінің қатысуы;
- 4) жұмыскерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуы;
- 5) тепе-теңдік негізінде тұрақты қызмет атқаратын кеңесші және үйлестіру органдарын құру;
- 6) тараптардың әлеуметтік-еңбек қатынастарының мәселелері бойынша бірлескен шешімдер қабылдауы;
- 7) Жұмыс берушінің кәсіподақ ұйымының ұсыныстарын қарастыруы;
- 8) қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

6. Оқу орнының атауы өзгергенде, ректормен арадағы еңбек шарты бұзылған жағдайда немесе осы Ұжымдық шартқа қол қойған кәсіподақ ұйымының төрағасы қайта сайланған кезде Ұжымдық шарт әрекет ете береді.

7. Жұмыс берушінің қайта құрылуы (қосылу, бірігу, бөліну, қайта құру) кезінде осы ұжымдық шарт қайта құрылудың толық мерзімінде әрекетін сақтайды.

8. Жұмыс берушінің меншік иесі ауысқан кезде Ұжымдық шарт меншік құқығы ауысқан күннен бастап алты ай ішінде әрекет етеді.

9. Жұмыс беруші таратылған кезде Ұжымдық шарт тарату рәсімі жүргізілген мерзім ішінде әрекет етеді.

10. Осы Ұжымдық шарт үш жыл мерзіміне жасалды және оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Тараптардың келісімі бойынша осы Ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі белгілі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

11. Ұжымдық шарт әрекет ететін мерзім ішінде тараптар оған ұжымдық шартты жасасуға арналған заңнамада белгіленген тәртіпте, сондай-ақ осы Ұжымдық шарттың 9 т. сәйкес өзара уағдаластық негізінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

12. Ұжымдық шарт әрекет ететін мерзім ішінде тараптардың ешқайсысының өздеріне қабылданған міндеттемелерді бір жақты тәртіпте тоқтатуға құқығы жоқ.

13. Тараптар жыл сайын нақты мерзімдер мен жауапты тұлғалар көрсетілген Ұжымдық шарттың орындалуы жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

14. Жұмыс беруші кәсіподақ ұйымының дәлелді пікірін ескере отырып, қабылдайтын еңбек құқықтарының нормаларынан тұратын жұмыс беруші актілерінің, нормативтік құжаттардың тізілімі:

- ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелері;
- оқу сабақтарының кестесі;
- жұмыс кестелері;
- еңбек демалысының кестелері;
- ПОҚ оқу жүктемесі;
- еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық;

- еңбек жағдайының өзгеруі туралы бұйрықтар;
- жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шарттарын бұзу туралы бұйрықтар;
- мереке және демалыс күндерін жұмыс күні ретінде жариялау туралы бұйрықтар;
- ынталандыру мен жазалау туралы бұйрықтар;
- сыйлықақы беру, қосымша ақылар белгілеу және материалдық көмек туралы бұйрықтар;
- толық емес жұмыс уақыты тәртібін енгізу туралы бұйрықтар;
- жұмыс уақытының жинақталған есебін қолдану туралы бұйрықтар;
- мүлікті қорғауды және жұмыскерлерге тапсырылған басқа да құндылықтарды қамтамасыз ете алмағаны үшін толық жеке немесе ұжымдық (ортақ) материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалынатын жұмыскерлердің атқаратын немесе орындайтын лауазымдары мен жұмыстарының тізімін бекіту туралы жұмыс берушінің акті, сондай-ақ толық материалдық жауапкершілік туралы типтік шарт;
- «Қызметкерлерге еңбек ақы төлеу жүйесін ұйымдастыру» ережесі;
- арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және басқа жеке қорғану құралдарымен, сондай-ақ жұмыс берушінің қаражаты есебінен жуу және зарарсыздандыру құралдарымен қамтамасыз етілуге құқылы кәсіптер мен лауазымдар тізілімі;
- зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын берілетін кәсіптер мен мамандықтар тізілімі;
- жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлер алдын-ала және мерзімдік медициналық тексерулерден міндетті түрде өтуі тиіс кәсіптер тізілімі;
- жұмыскерлеріне ай сайын жуу және тазарту құралдары берілетін кәсіптер тізілімі.

15. Жұмыс беруші кәсіподақ комитетін еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік құқықтарына қатысты бұйрықтар мен құжаттарды, еңбек жағдайларын өзгертетін және төлейтін басқа да құқықтық актілерді міндетті түрде тарату тізіміне енгізеді.

16. Кәсіподақ ұйымының сауалы бойынша жұмыскерлердің жалақысынан ұсталған және мүшелік кәсіподақ жарналары ретінде Кәсіподақ ұйымының есеп шотына аударылған аударымдар мөлшері туралы ақпарат беріледі.

17. Кәсіподақ ұйымының сауалы бойынша жұмыскерлердің жалпы саны және бөлімшелердің саны мен құрамы, еңбек ақы төлеу жүйесі, еңбек жағдайы мен өрт қауіпсіздігі, өндірістік жарақаттану көрсеткіштері, бос жұмыс орындарының болуы, еңбек ақы, шәкіртақы төлеу және өзге де әлеуметтік төлемдер бойынша қарызы туралы мәліметтер ұсынылады. Жұмыс беруші Кәсіподақ ұйымына кәсіпорынның немесе оның бөлімшелерінің алдағы уақытта болатын қайта құрылатындығы туралы, мүлікті

жекешелендіруге әзірлеу туралы ақпаратты алдын-ала (кемінде 2 ай бұрын) жібереді.

18. Тараптар тепе-теңдік негізде жылына бір рет (желтоқсан айында) Ұжымдық шарттың орындалу барысын талдайтын және қызметкерлер ұжымы мен білім алушыларға бұл туралы ақпаратты хабарлайтын комиссия құрады. Жұмыс берушінің өкілдері ректордың бұйрығымен тағайындалады, жұмыскерлердің өкілдері Кәсіподақ ұйымының мәжілісінде сайланады.

## **2. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ**

19. Тараптар жұмыскерлер мен Жұмыс берушінің еңбек қатынастары ҚР ЕК, «Білім туралы» ҚР Заңына, «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысына сәйкес айқындалатынына негізделеді.

20. Еңбек шартының жағдайлары қолданыстағы заңнамамен, салалықкелісіммен және осы Ұжымдық шартпен салыстырғанда жұмыскердің жағдайын нашарлата алмайды. Қызметкерлердің қарым-қатынастарын реттейтін негізгі құжат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалған жазбаша еңбек шарты болып табылады.

Қызметкермен еңбек шартын жасасу кезінде, егер қызметкердің еңбек функциялары материалдық құндылықтардың сақталуына байланысты болса, материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалады. Ауыстыру кезінде толық жеке жауапкершілік туралы жазбаша келісімдер жасалатын құндылықтарды сақтауға, өңдеуге және шығаруға байланысты лауазымдардың тізбесі А қосымшасында келтірілген.

21. Жұмыс беруші жұмыскермен еңбек шартын жасасқан кезде оны кәсіпорынның Жарғысымен, осы Ұжымдық шартпен, Ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерімен, кәсіпорынның қолданысындағы және жұмыскердің еңбек атқарымына қатысты лауазымдық нұсқаулықтармен және өзге де жергілікті құқықтық актілермен қолын қойғызып таныстыруға міндеттеледі.

22. Тараптар жұмыскерлер санын немесе штатты қысқарту жөніндегі іс-шаралар жүргізілген кезде Жұмыс беруші жұмыскерге оның біліктілігіне сәйкес келетін кәсіпорында бар жұмысты (бос жұмыс орнын) ұсынуға міндетті, ал мұндай жұмыс болмаған жағдайда жұмыскер өзінің біліктілігі мен денсаулығының күйін ескере отырып, орындай алатын төмен дәрежелі бос жұмыс орнын немесе ақысы төмен жұмысты ұсынуға міндетті екеніне негізделеді қосымша А.

23. Тараптар Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерлерді жұмыстан босатуға тек кәсіподақ ұйымының дәлелді пікірін ескеріп жол беріледі деп келісті.

Егер еңбек қатынастары алдағы болатын жұмыстың сипатын немесе оны орындау жағдайын ескеріп белгісіз мерзімге белгіленбесе, ҚР ЕК көзделген жағдайларда шұғыл еңбек шарты жасалады, сондай-ақ еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жасалуы мүмкін.

24. Оқу үдерісінің үздіксіздігін сақтау мақсатында лауазымды қоса атқару бойынша жұмысқа қабылдау кезінде тиісті лауазымның орнын алмастыруға конкурс бойынша сайламай, ғылыми-педагогикалық жұмыскер лауазымының орнын алмастыруға 1 жылдан аспайтын мерзімге, ал заңға сәйкес жұмыс орны сақталатын уақытша болмаған жұмыскердің орнын алмастыру үшін осы жұмыскер жұмысқа шыққанға дейін еңбек шартын жасауға жол беріледі.

25. ҚР ЕК-де көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда жұмыскерлерді олардың лауазымдық міндеттерін орындаумен байланысты емес жұмыстарға тартуға жол берілмейді.

26. Жұмыс беруші жұмыс орындарын, жұмыскерлерді экономикалық тұрғыдан және әлеуметтік негізсіз қысқартуға, жұмыскерлердің құқықтық кепілдіктерін бұзуға жол бермеуге міндеттеледі.

27. Құрылымдық бөлімшелерді тарату немесе қайта құрылымдау әкімшіліктің бастамасы бойынша өндірісті толық немесе біртіндеп тоқтату, жұмыс орындарын қысқартуға әкеп соқтыратын өзге де шаралар кәсіподақ ұйымының пікірін ескере отырып жүзеге асырылады.

28. Құрылымдық бөлімшелерді тарату немесе қайта құрылымдау, әкімшіліктің бастамасы бойынша өндірісті толық немесе ішінара тоқтату, жұмыс орындарын қысқартуға әкеп соқтыратын өзге де шаралар кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып жүзеге асырылады.

29. Жұмыскерлердің саны мен санатын қысқарту туралы, қызметкерлерді жаппай жұмыстан босату туралы шараларды кемінде 1,5 ай бұрын Кәсіподақ ұйымының жазбаша ескертуі арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Қызметкерлер саны 30 күн ішінде 20 немесе оданда көп адам мөлшерінде қысқартылған жағдайда жұмыстан шығарылу үлкен болып саналады.

Штаттардың, қызметкерлер санының қысқаруына, бөлімшелердің таратылуына немесе қайта құрылуына байланысты босатылған қызметкерлерге материалдық қолдау көрсету үшін жұмыс беруші кәсіподақ шараларды орындайды:

- штаттың санының немесе қызметкердің қысқаруына байланысты шараларды қызметкерлерге жұмыстан босатылатын кемінде 1 ай бұрын ескерту қажет;

- тараптардың келісімі бойынша осы кезеңде аптасына кемінде 5 сағат ақысыз жұмыс іздеуге уақыт беріледі.

30. Штаттың саны қысқартылған кезде жұмыста қалудың артықшылықты құқығы:

- 1) зейнетке дейінгі жастағы қызметкерлер (зейнетке шыққанға дейін 3 жыл);
- 2) ЖОО-дағы, аспирантурада, докторантурада оқуды біріктіретін қызметкерлер;
- 3) 16 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар мен әкелер;
- 4) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар;

- 5) мемлекеттік және салалық наградалармен марапатталған;
- 6) бір жылдан аз жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар;
- 7) мемлекеттік құпияларға қол жетімді және онымен тұрақты жұмыс істейтін қызметкерлер.

31. Өз есебінен тиімді жұмыс жасау үшін жұмыс беруші қызметкерлердің біліктілігін арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес 5 жылда бір реттен кем емес біліктілігін арттыру құқығын қамтамасыз етеді.

32. Қызметкердің міндеттері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің нормаларымен, лауазымдық нұсқаулықтармен және жұмыс берушінің басқа да актілерімен реттеледі.

Қызметкердің біліктілігінің тапсырылған жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында еңбек шартында сынақ мерзімі туралы шарт белгіленуі мүмкін. Егер еңбек шартында бұл шарт жоқ болса, Қызметкер сынақ мерзімісіз алынады деп есептеледі. Сынақ мерзімі еңбек шарты басталғаннан басталады. Сынақ мерзімі Қызметкердің жұмыс тәжірибесіне енгізіледі және үш айдан аспауы керек. Ұйым басшылары мен олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлер және олардың орынбасарлары, ұйымның филиалдары, өкілдіктері үшін сынақ мерзімі 6 (алты) айға дейін ұзартылуы мүмкін.

33. ПОҚ-ң оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспары бойынша сағат санына, оқу бағдарламаларына, кадрлармен қамтылуына, осы ұйымдағы өзге нақты шарттарға негізделіп отырып және кәсіподақ ұйымының пікірін ескере отырып тағайындалады.

Педагогикалық жұмыскердің оқу жүктемесінің көлемі еңбек шартында келісіледі және тараптар оны жұмыскердің келісімімен жазбаша түрде ғана өзгерте алады.

Оқу жоспарында қарастырылған сағат санына байланысты педагогикалық жұмыскерлердің оқу жүктемесі бірінші және екінші оқу жарты жылдығында әртүрлі болуы мүмкін.

34. Оқу жылы ішінде ПОҚ оқу жүктемесінің еңбек шартында немесе ұйым басшысының бұйрығында келтірілген оқу жүктемесімен салыстырғанда төмендеуі немесе ұлғаюы келесі жағдайларда мүмкін болады:

- 1) тараптардың өзара келісім бойынша;
- 2) жұмыс берушінің бастамасы бойынша келесі жағдайларда;
- 3) оқу жоспарлары және бағдарламалары бойынша сағат санының азаюы, топтардың, білім алушылар санының азаюы;
- 4) жұмыс орнында уақытша жоқ жұмыскерді ауыстыру үшін өндірістік қажеттілікпен байланысты оқу жүктемесі көлемінің уақытша ұлғаюы (бұл жағдайда жұмыскердің өз келісімінсіз ұлғайтылған оқу жүктемесін орындау мерзімі бір күнтізбелік жылдың ішінде бір айдан аспауы тиіс);
- 5) жұмыс тұрып қалған кезде, жұмыскерлерге олардың мамандығы мен біліктілігін ескере отырып, жұмыс тұрып қалған кезде сол ұйымда немесе сол төңіректе орналасқан басқа ұйымда бір айдан аспайтын мерзімге басқа жұмыс тапсырылған кезде (ауа-райы жағдайына, карантинге байланысты және басқа жағдайларда сабақтардың болмауы);



- б) оқу жүктемесін осыған дейін орындаған педагогикалық жұмыскердің жұмысындағы еңбек дауын қарастырған органның қалпына келтіруі;
- 7) баласы үш жасқа толмай, балаға күтім жасау жөніндегі еңбек демалысын үзген немесе аталған мерзім аяқталғаннан кейін әйел жұмыскердің жұмысқа оралуы.

35. Еңбек жағдайлары өзгерген кезде еңбек келісімшартына еңбек келісімшартына қосымша келісім жасасу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің еңбек жағдайын айтарлықтай өзгертуге әдетте жаңа оқу жылында, еңбек студінің ұйымдастырушылық немесе технологиялық шарттары өзгеруіне байланысты (топтар санының немесе білім алушылар санының өзгеруі, білім беру бағдарламаларының өзгеруі және т.б.), жұмыскер өзінің еңбек атқарымын өзгертпей (белгілі мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша) еңбек студі жалғастырған кезде жол беріледі.

36. Қашықтықтан жұмыс істеуді еңбек шартының шарттарымен анықтауға болады.

37. Төтенше жағдай, төтенше жағдай кезеңінде қашықтықтағы жұмыс режиміне ауыстырылған жұмысшылардың жеке құрамын ұйым басшысы анықтайды.

38. Мұғалім кәсіби қызметті жүзеге асырған кезде:

- 1) оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіби міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тарту;
- 2) одан Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында көзделмеген есептер немесе ақпараттар сұрау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізу;
- 4) оған тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеу.

Үкіметтік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге олардың кәсіби қызметіне жоғары оқу орындарының оқытушыларын тартуға жол берілмейді.

### **3. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫ**

39. Жұмыскерлерге берілетін жұмыс уақыты мен тынығу уақыты осы Шартпен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен және еңбек тәртібінің бекітілген ережелерімен регламенттеледі.

40. Профессорлық-оқытушылық құрамы (бұдан әрі - ПОҚ) мен оқу-қосалқы қызметкерлер құрамы (бұдан әрі – ОҚК) үшін күнделікті жұмыс ұзақтығы апталық норма 36 сағат 5-күндік жұмыс аптасы, егер сенбіде сабақ қажет болған жағдайда 6-күндік жұмыс аптасы.

ПОҚ-ң орташа оқу жүктемесі университеттің оқу кеңесінің шешімімен бекітіледі және кафедралардың ПОҚ құрамын белгілеу үшін пайдаланылады. ПОҚ-ң бір оқу жылына шақталған оқу жүктемесінің көлемі бір мөлшерлеме ауқымында анықталады және кафедраның шешімімен жыл сайын бекітіледі.

Оқытушылық қызмет дәл сол ұйымдарға негізгі жұмысымен қатар қоса атқаратын тұлғаларға, сондай-ақ өзге білім беру мекемелерінің педагогикалық жұмыскерлеріне (соның ішінде білім беруді басқару органдарының және оқу-әдістемелік кабинеттердің, орталықтардың жұмыскерлеріне) аталған ұйым негізгі жұмыс орны болып табылатын жұмыскерлер (ПОҚ арасынан) еңбекақының бір мөлшерлемесінен кем емес көлемдегі оқу жүктемесімен қамтылған жағдайда ғана ұсынылуы мүмкін.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы, оқу-қосалқы және қызмет көрсетуші қызметкерлер құрамы үшін күнделікті жұмыс ұзақтығы 5-күндік жұмыс аптасы, апталық норма 40 сағаттан аспаған кезде 8-сағаттық жұмыс күні түрінде тағайындалады.

41. Сабақ кестесі сабақтар арасында екі сағаттан артық үзіліс жібермей, оқытушылардың жұмыс уақытын тиімді пайдалануды ескере отырып құрылады.

42. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 86-бабында қарастырылған жағдайларды ескермегенде және ауысымдар кестесі (вахталар кестесі) бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлерден басқа жұмыскерлерді олардың алдын-ала жазбаша келісімімен немесе өтініші бойынша демалыс және мереке күндері жұмысқа тартуға құқылы.

43. Еңбек демалысы – Жұмыскердің жыл сайынғы үздіксіз демалуын қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік мақсат үшін Жұмыскердің жұмыс орнын (лауазымын), орташа еңбек ақысын сақтай отырып және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген жағдайларда Қызметкерді белгілі кезеңге жұмыстан босату.

Жұмыскерлерге еңбек демалысының келесі түрлері ұсынылады:

- 1) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы;
- 2) әлеуметтік демалыстар.

Жұмыскерлер әлеуметтік демалыстардың келесі түрлері ұсынылады:

- 1) еңбек ақысы сақталмайтын демалыс;
- 2) оқу демалысы;
- 3) жүктілік және босану бойынша демалыс;
- 4) жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуына байланысты демалыс;
- 5) 3 жасқа дейінгі балаға күтім жасау бойынша еңбек ақысы сақталмайтын демалыс.

Жұмыскерлерге оқу ұйымдарына түсу үшін, емтихандық сессияны тапсыру үшін және т.б. үшін 14 күнтізбелік мерзімге дейін орташа еңбекақысы сақталатын оқу демалыстары берілуі мүмкін.

44. Барлық жұмыскерлерге жұмыс орны (лауазымы) және орташа еңбекақысы сақталатын жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кепілді түрде беріледі. Денсаулығын жақсартуға арналған жәрдемақы жұмыскер толық еңбек демалыс алуға мүмкіндік беретін кезеңде жұмыс істеген жағдайда ғана төленеді (Б қосымшасына сәйкес).

Жыл сайынғы еңбек демалыстарының ұзақтығы мерекелік күндерді ескермей есептеледі.

45. Қалыпты жұмыс жағдайларынан ауытқығаны үшін Жұмыс беруші Жұмыскерлерге Ауыр жұмыстар өндірістерінің, цехтарының, кәсіптері мен лауазымдардың тізіміне, сондай-ақ ауыр жұмыстар, еңбек жағдайы зиянды (өте қауіпті) және (немесе) қауіпті жұмыстар тізіліміне сәйкес жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын беруге міндетті. Жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша ауыр, зиянды немесе қауіпті деп мойындалған жұмыс орындарында жұмыс істейтін Жұмыскерлерге Жұмыс беруші жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын беруге міндеттеледі. Берілетін жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысы ұзақтығы еңбек шартында белгіленеді, 6 (алты) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.

46. Жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалыстары:

1) Ауыр жұмыстар атқаратын, зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлерге беріледі, сондай-ақ әкімшілік-басқару қызметкерлеріне ұзақ, үздіксіз, маңызды, шұғыл жұмыстарды атқарғаны үшін көтермелеу ретінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысымен бірге беріледі, ұзақтығы 10 (он) күнтізбелік күннен аспауы тиіс

2) бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге беріледі, ұзақтығы алты күнтізбелік күннен аспауы тиіс

Жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын беру үшін бірінші және екінші топтардағы мүгедек болып табылатын Жұмыскерлерге қызметкерлер құрамын басқару бөліміне мүгедектік тобы көрсетілген мүгедектік мәртебесін растайтын құжаттарды мүгедектігі тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.

Жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысы жыл сайынғы ақылы еңбек демалысымен бірге не болмасы мүгедек жұмыскердің қалауы бойынша жылдың кез-келген уақытында беріледі. Жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын жылдың басқа уақытында, еңбек демалыстары кестесінен тыс алуға ниет білдірген мүгедек жұмыскер қосымша еңбек демалысы дұрыс рәсімделуі үшін, жазбаша арыз арқылы Жұмыс берушіге алдын-ала хабарлауға міндетті.

3) Университетте кем дегенде 10 жыл жұмыс істеген ӘБҚ қатарындағы қызметкерлерге (ПОҚ-қа теңестірілмеген) алты күнтізбелік күнге созылатын, жетекшілерге – он күнтізбелік күнге созылатын қосымша ақылы еңбек демалысы беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысының жалпы ұзақтығын есептеген кезде жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы жыл сайынғы негізгі еңбек демалысына қосылады.

47. Еңбек демалысының кестесі мен арыздар еңбек демалысын беру туралы бұйрық шығаруға негіздеме болып табылады.

48. Өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын жұмыс беруші жұмыскердің жазбаша келісімімен бұзуы мүмкін. Жұмыскерді еңбек демалысынан шақыртып алуына байланысты жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі тараптардың келісімі бойынша жұмыскерге ағымдағы жұмыс жылы ішінде немесе келесі жұмыс жылы кез-келген уақытта беріледі не болмаса келесі жұмыс жылы

үшін берілетін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылады. Жұмыскер жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан шақыртылған кезде еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігін басқа уақытта берудің орнына жұмыскер мен жұмыс берушінің келісімі бойынша жұмыскерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төленеді. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан он сегіз жасқа жетпеген жұмыскерлерді, жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстар атқаратын жұмыскерлерді, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында еңбек ететін жұмыскерлерді шақыртып алуға жол берілмейді.

49. Жұмыскерге бірінші және одан кейінгі жұмыс істеген жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы Тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез-келген уақытында беріледі. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстары беру кезектілігі Жұмыскерлердің пікірін ескере отырып, бекітілген еңбек демалыстары кестесіне сәйкес Жұмыс берушінің актімен белгіленеді.

Жұмыстың маусымдылығын ескере отырып, ПОҚ қатарындағы қызметкерлерге еңбек демалысы әдетте жаз мезгілінде беріледі.

Тамыз айынан бастап қазан айы аралығында жұмысқа қабылданған жұмыскерлерге (ПОҚ арасынан) оқу жылы аяқталған кезде бірінші оқу жылы үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыскерлердің тиісті санаттары үшін ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ұзақтықпен алдын-ала беріледі.

Жұмыскердің жазбаша келісімінсіз оған нақтылы жұмыс істеген кезең үшін жазғы демалыс кезінде еңбек демалысын беруге рұқсат етілмейді.

50. Тараптардың келісімі бойынша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы бөліктерге бөлінуі мүмкін. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының бөлігінің ұзақтығы тараптардың келісімі бойынша және Жұмысшының арызының негізінде анықталады.

51. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы келесі жағдайларда толықтай немесе бөліктерге бөлініп ауыстырылады: жұмыскер уақытша еңбекке жарамсыз болғанда және жүктілік пен босану жөніндегі еңбек демалысқа шыққан кезде.

Жұмыскер уақытша еңбекке жарамсыз болса немесе жүктілік және босану жөніндегі еңбек демалысымен бір мезгілде болса жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы (оның бөлігі) жұмыскердің өтініші бойынша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында кезеңге ауыстырылады (еңбекке жарамсыздық қағазы ашылған алғашқы күннен бастап). Кері жағдайда еңбек демалысы ауыстырылмайды. Тараптардың келісімімен ауыстырылатын еңбек демалысы келесі жұмыс жылындағы еңбек демалысына қосылуы мүмкін немесе жұмыскердің өтініші бойынша ағымдағы жылы жеке берілуі мүмкін.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі келесі жылға ауысқан жағдайда немесе ағымдағы жылы пайдаланылған кезде Жұмыскердің келісімімен еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін төленген ақы еңбекақыдан шегеріледі, себебі алдағы уақытта еңбек

демалысының пайдаланылмаған күндері берілген кезде тиісті ақы қайтадан төленетін болады.

52. Жұмыскердің баласы дүниеге келгенде, некесі қиылғанда, жақын туыстары (жұбайы/зайыбы, балалары, ата-анасы) қайтыс болғанда және тараптардың келісімі бойынша басқа жағдайларда Жұмыс беруші Жұмыскерге оның жазбаша арызының негізінде 5 (бес) күнтізбелік күнге дейін еңбекақы сақталмайтын еңбек демалысын беруге міндетті.

#### 4. КЕЛІСІМ КОМИССИЯСЫ

53. Келісу комиссиясы - Қызметкер мен Жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары процесінде туындайтын жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган.

54. Келісу комиссиясы қызметкерлер арасындағы еңбек заңнамасын, ұжымдық шарттарды, келісімдерді және басқа да жергілікті құқықтық актілерді, еңбек келісім-шарттарын, оның ішінде қолдануға байланысты төмендегі дауларды қарайды:

- 1) басқа жұмысқа ауыстыру және басқа жұмыс орнына ауыстыру;
- 2) жалақы, оның ішінде лауазымдарды біріктіру, жоқ қызметкерді уақытша ауыстыру, толық емес жұмыс уақыты, қосымша жұмыс уақыты, түнгі уақыт, демалыс және мереке күндері үшін;
- 3) қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген қызметкерге тиесілі сыйақы алу құқығы және мөлшері;
- 4) өтемақы төлеу және кепілдіктер беру;
- 5) қызметкердің жалақысынан ұсталған ақша сомаларын қайтару;
- 6) демалыс беру;
- 7) арнайы киімді, арнайы аяқ киімді, жеке қорғану құралдарын, емдік-профилактикалық тамақтануды беру.
- 8) мәжбүрлеп келмеген уақыт үшін жалақы төлеу немесе заңсыз аударуға байланысты төмен ақы төленетін жұмысты орындау уақытындағы еңбекақы айырмасы;
- 9) еңбекақы төлеу, оның ішінде еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген үстемелер;
- 10) тәртіптік жазаларды қолдану;
- 11) егер еңбек жазбасы бұйрыққа (нұсқаулыққа) немесе заңда көзделген басқа құжаттарға сәйкес келмесе, еңбек шартын жасасу немесе өзгерту туралы ақпараттың жұмыс кітабында дұрыс емес немесе қате жазылуы.
- 12) жұмыстан босату, жұмыстан босату себептері мен күнін өзгерту туралы;
- 13) келтірілген материалдық зиянды өтеу;
- 14) жұмыс уақыты мен демалыс уақытының сақталуы;
- 15) аттестаттау комиссиясының шешімдерінің күшін жою.

55. Келісу комиссиясы - еңбек заңнамасын, ұжымдық және еңбек шарттарын, жұмыс берушінің актілерін қолдануға байланысты басқа жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі міндетті орган.

56. «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ) әкімшілігі мен жұмысшылар кәсіподағы ұжымы арасында бірлесіп құрылған жеке еңбек даулары бойынша Келісім комиссиясының ұйымы, өкілеттіктері мен функциялары. Р 002-2020 ережелерімен бекітілген. Келісім комиссиясы.

## **5. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ**

57. Жұмыс беруші мемлекеттік стандарттардың, нормативтік құқықтық актілердің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің талаптарына сәйкес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігінің жағдайлары бойынша еңбек ету барысында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау құқықтарына кепілдік береді (В қосымшасына сәйкес).

58. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясаты жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы, жұмыс орындарында өндірістік жарақаттануға жол бермейтін таза және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау қағидаттарына сүйеніп құрылады.

59. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында жұмыс беруші:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте еңбек міндеттерін қауіпсіз орындау үшін қажет жұмыскерлердің кәсіптік даярлығын қамтамасыз етуге;

2) тиісті білім беру ұйымдарындағы біліктілік арттыру курстарында өзінің оқытушылары және мамандарының оқуын және бөлімшелердің жетекшілері мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі мәселелер бойынша білімін тексеруді жүйелі түрде (кем дегенде үш жылда бір рет) ұйымдастыруға;

3) жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді, оқытуды, нұсқаулықтан өткізуді ұйымдастыруға;

4) ҚР заңнамасымен белгілеген тәртіпте мерзімді медициналық тексерулерді өз қаражаты есебінен кем дегенде бір жылда бір рет ұйымдастыруға;

5) қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

6) жұмыс орындарын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықтауға;

7) ауыр жұмыстарға, зиянды және қауіпті жұмыс жағдайларына «ҚР-да зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларды жібермеуге;

8) еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдайларды тіркеу, есепке алу және талдау жүргізуге;

9) жұмыс өкілдерінің қатысуымен жүйелі түрде, кем дегенде бес жылда 1 рет еңбек бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес өндірістік нысандардың еңбек жағдайларына сәйкестігін аттестаттауды жүргізуге;

10) қызметкерлерге қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауға, санитарлық-тұрмыстық орынжайлармен қамтамасыз етуге;

11) орынжайларда санитарлық нормаларда белгіленген температураны, табиғи және жасанды жарықты, сондай-ақ желдетуді қамтамасыз етуге;

12) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнаулы киіммен, аяқ киіммен, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жуғыш және залалсыздандырғыш құралдармен, медициналық дәрі қобдишасымен қамтамасыз етуге;

13) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар өткізуге;

14) нұсқамалық жүргізуге, өндірістік үдеріс пен жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге;

15) қызметкерлер еңбек міндеттерін орындаған кезде олардың денсаулығы мен өміріне келтірілетін зиянға жауапкершілікті жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатты жүзеге асыру мақсатында:

- еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге жұмыс орындарындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жағдайларын тексереді;

- еңбек жағдайын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсартумен байланысты мәселелерді тексеруге және қарастыруға қатысады;

- кәсіподақ ұйымымен бірге университеттің бөлімшелеріндегі еңбек жағдайы мен қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына бақылауды ұйымдастырады.

60. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзған қызметкерлерді жұмыстан шығаруға және тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы.

61. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары бұзылған жағдайда (қалыпты жарықтың болмауы, желдету жұмысының бұзылуы, орынжайлардағы төмен температура және т.б.) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар жұмыс берушіден анықталған бұзылымдарды жоюды талап етуге құқылы.

62. Жұмыс беруші барлық кафедраларды, бөлімдерді, қызметтерді, студенттер үйінің вахталарын алғашқы медициналық көмек құралдарымен қамтамасыз етуге және қажет болу шамасына қарай оларды толықтырып тұруға міндеттеледі.

## 6. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ НОРМАЛАУ

63. Ұйымда еңбек ақы төлеудің мерзімді және кесімді нысаны қолданылады. Университет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу осы ұжымдық шартқа қосымша болып табылатын қызметкерлерге «Еңбекақы төлеу жүйесін ұйымдастыру» ережесінің негізінде жүргізіледі.

64. Жұмыскердің бір айлық еңбекақысының мөлшері жұмыскердің біліктілігіне, атқаратын жұмысының күрделілігіне, көлеміне және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайына байланысты сараланып тағайындалады. Еңбекақының мөлшері максималды мөлшермен шектелмейді.

65. Тараптар тарифтік комиссияның құрамына, сондай-ақ мамандық бойынша еңбек өтілін есептеу жөніндегі комиссияның құрамына міндетті түрде кәсіподақ ұйымының өкілі кіргізіледі деп келісті.

66. Әкімшілік-басқару қызметкерлері, оқыту-көмекші қызметкерлері мен қызмет көрсету персонал құрамына кіретін қызметкерлердің қызметтік жалақысын есептеу үшін жұмыс өтіліне, жұмыс өтілін анықтау бойынша комиссия шешімімен атқарған қызметі қай салада болмасын, бірдей мамандықтардағы лауазымдарда жұмыс істеген университеттегі ішкі ауысымдары есептелуі мүмкін.

67. Тараптар еңбекақы айына бір рет төленеді деген келісімге келді. Еңбекақы төленетін күн болып келесі айдың оныншы күні белгіленді.

68. Жұмыс беруші жұмыстан шығару кезінде және еңбек демалысы кезінде еңбекақы төлеген кезде есеп айырысу мерзімдерін қатаң қадағалауға міндеттеледі.

69. Үстеме уақыттағы, түнгі уақыттағы, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін ҚР Еңбек кодексіне және осы ұжымдық шартқа сәйкес ақы төленеді.

70. Еңбек ету, еңбекақы төлеу нормаларын жұмыс беруші енгізеді, ауыстырады және қайта қарайды. Еңбек ету және еңбекақы төлеудің жаңа нормалары енгізілетіні туралы жұмыскерлер кем дегенде бір ай бұрын хабардар болуы тиіс.

71. Жұмыскерлерге еңбек жағдайы үшін қосымша ақыларды жұмыс беруші Университет жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу ережесінде белгіленген мөлшерлерде төлейді.

72. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге жағдай көзделмесе, Жұмыс беруші жұмыскерлердің жазбаша келісімінсіз олардың еңбекақыларынан ұстауға жол бермеуге міндеттеледі.

73. Жұмыс беруші жұмыскерлерге ай сайын барлық шегерілген сомаларды көрсетіп, еңбекақы есептеу туралы толық жазбаша ақпаратты беру жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдайды. Әлеуметтік шиеленісушілікті төмендету мақсатында еңбек ақыны белгілеу және оның мөлшеріне қатысты мәселелерде әділдікті және кең жариялылықты қамтамасыз ету үшін бірлескен күш салу қажет.

74. Тараптар ПОҚ қатарындағы жұмыскерлерге авторлық ғылыми жұмыстар мен оқулықтар жазу үшін 4 айға дейінгі мерзімге орташа



жалақының 50% сақтап, шығармашылық еңбек демалысы берілуі мүмкін деп келісті.

75. Педагогикалық құрамның оқу жүктемесінің көлемі қызметкердің біліктілігі мен кафедра бейініне байланысты білім беру ұйымымен дербес анықталады және оқу жылына 680 сағаттан аспауы керек.

76. Жұмыс берушінің және қызметкердің еркінен тыс себептер бойынша төтенше жағдайлар кезіндегі, төтенше жағдай кезіндегі жұмысшылардың жалақыларын есептеу төтенше жағдай, төтенше жағдай режимі енгізілгенге дейін белгіленген мөлшерде, бірақ бір тарифтік ставкадан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады ( ресми жалақы).

77. Қашықтықтан орындалған жұмысқа ақы төлеу еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша айқындалады, бірақ қалыпты жағдайда жұмыс істейтін осы мамандық бойынша жұмысшыларға белгіленген жалақы мөлшерінен төмен болмауы керек.

78. Уақытша қашықтықтағы жұмыс үшін жалақы еңбек шартында немесе келісімде көзделген жұмыс көлемін сақтай отырып, толық көлемде төленеді.

79. Алыстан жұмыс істейтін жұмысшылар үшін бақылаудың ерекшеліктері еңбек шартында немесе еңбек кестесінің ережелерінде айқындалған жұмыс уақытының тұрақты есебі белгіленеді.

80. Жұмыс берушімен жұмыс уақытын белгілі бір уақытта белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, жұмыс уақытын есепке алуға арналған құжатта жұмыс уақыты еңбек шартында белгіленген жұмыс көлемін орындау ретінде белгіленеді.

81. Қызметкер мен жұмыс беруші қашықтықтағы жұмысшының еңбек шартында белгіленген жұмыс уақытында жұмысты орындауы үшін нақты уақытты қарастыратын өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

82. Өзара әрекеттесу тәртібінде қызметкердің жұмыс берушінің қоңырауларына, электрондық поштасына және жұмыс берушінің сұраныстарына жауап беруі міндеті көзделуі мүмкін, оның ішінде жұмыс берушінің жұмысты орындауға байланысты сұраныстарына жауап беруге міндетті. Қызметкер жұмыс берушінің сұраныстарына өзара іс-қимыл тәртібімен белгіленген мерзімнен тыс жауап беруге міндетті емес.

## **7. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР, ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР**

83. Жүктілік пен босану бойынша, жаңа туылған баланы асырап алу кезінде әлеуметтік жәрдемақы Міндетті әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорының қаражатынан төленеді.

84. Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы жұмыскерлерге еңбекке жарамсыздық қағазына сәйкес белгіленген еңбекке жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап еңбекке жарамдылығы қалпына келгенге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін төленеді.

85. Еңбекке уақытша жарамсыздық жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуге негіздеме болып ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте берілген еңбекке жарамсыздық қағазы табылады.

86. Қызметтік іс-сапар кеткен Жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) мен еңбекақысы сақталады. Қызметтік іссапарға жіберілетін жұмыскерге іссапарда болған әр күні үшін тәуліктік ақы, тұратын жерді жалдау және тағайындалған жерге және кері жол жүру жөніндегі шығындарды өтеу үшін ақы төленеді.

87. Жұмыскерге материалдық көмектің келесі түрлері көрсетіледі:

- 1) жұмыскер қайтыс болған жағдайда - жанұя мүшелерінің біріне немесе онда тұлғалар болмаған жағдайды жерлеуді ұйымдастырған тұлғаға, жанұя мүшесінің немесе ондай тұлғалар болмаған жағдайда жерлеуді ұйымдастырған тұлғаны арызының және қоса берілген растаушы құжаттардың (қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі) негізінде бір рет төленетін 1(бір) айлық лауазымдық қызметақы мөлшерінде;
- 2) жұмыскердің жұбайы/зайыбы, балалары, ата-анасы қайтыс болған жағдайда – егер жұмыскер ұжымда 1 жылдан артық жұмыс істесе, онда растаушы құжаттар (қайтыс болуы туралы куәлік) ұсынылған жағдайда 10-нан 30 АЕК дейінгі мөлшерде;
- 3) жұмыскердің медициналық емделуін/отасын толық немесе ішінара төлеу үшін – уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі екі айдан артық мерзімге тағайындалуы мүмкін аурулар түрлерінің белгілі тәртіпте бекітілген тізіліміне сәйкес, айрықша жағдайларда, Жұмыскердің немесе оның жанұя мүшесінің немесе онда тұлғалар болмаған жағдайда өзге тұлғаның (жанұя мүшесі болып табылмайтын туысы) арызының негізінде, құжаттар (амбулаториялық картадан үзінді көшірме, жеке реабилитациялау бағдарламасынан үзінді көшірме (медициналық бөлігі), медициналық-әлеуметтік сараптама туралы анықтамалар және заңнамада белгіленген тәртіпте берілген өзге құжаттар, сондай-ақ растау үшін олардың түпнұсқалары) көрсетілген кезде 15 АЕК мөлшерінде;
- 4) неке қиюына байланысты – университетте 2 жылдан артық жұмыс істеген және алғаш рет неке қияп жатқан жұмыскерге заңнамамен белгіленген 10 АЕК мөлшерінде;
- 5) кәсіподақ ұйымының қолдаухаты мен құрылымдық бөлімше ұжымының ұсынуы бойынша – университеттің дамуына айтарлықтай үлес қосқан жұмыскерлерге мерейтойлық жасқа жеткен кезде 60 жас әрі қарай әр бес жыл сайын жұмыскердің 1 (бір) айлық лауазымдық қызметақысы мөлшерінде;
